

*Мұқашови Рәуенбе*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
Т. ТӘЖІБАЕВ АТЫНДАҒЫ ЭТНОПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ЭТНОПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ  
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ  
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ЭТНОПЕДАГОГИКИ И ЭТНОПСИХОЛОГИИ ИМ. Т. ТАЖИБАЕВА  
КАФЕДРА ПЕДАГОГИКИ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО МЕНЕДЖМЕНТА



Академик Т.Т. Тәжібаевтың 107 жылдығына арналған  
«АКАДЕМИК Т.Т. ТӘЖІБАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ» атты  
республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияның  
МАТЕРИАЛДАРЫ



**МАТЕРИАЛЫ**  
Республиканской научно-методической конференции  
в рамках Тажибаевских чтений  
«АКАДЕМИК Т.Т. ТАЖИБАЕВ И СОВРЕМЕННАЯ  
ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА В КАЗАХСТАНЕ»,  
посвященной 107-летию со дня рождения  
академика Т.Т. Тажибаева



Алматы 2017

## МАЗМҰНЫ

### 1-секция. Т.Т. ТӘЖІБАЕВ ЖӘНЕ ЭТНОПЕДАГОГИКА, ЭТНОПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

<b>Жарықбаев Қ.Б.</b> Т.Т. Тәжібаевтың педагогикалық мұралары.....	3
<b>Түрікпенұлы Ж., Жолдасова М.К.</b> Академик Төлеген Тәжібаев туралы.....	4
<b>Бейсенов Б., Игисенова А.</b> Зайырлы ел және дәстүрлі діндарлық .....	6
<b>Таубаева Ш.Т.</b> Академик Төлеген Тәжібаев – тарихи-педагогикалық және әлеуметтік-педагогикалық зерттеу әдістемесін жасаушы .....	9
<b>Алимбаева Р.Т., Кулешова Ю.С.</b> Использования сказкотерапии в осмыслении жизненного сценария.....	11
<b>Аликбаева М.Б.</b> Мәдениеттанулық білім беруді ұйымдастырудың тиімді жолдары .....	13
<b>Молдабеков Ж.Ж.</b> Қазақтың рухани құндылығының тәрбиелік маңызы.....	16
<b>Жансерикова Д.А., Сабирова Р.Ш., Капбасова Г.Б.</b> Еріктілік іс-әрекеттің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері.....	18
<b>Жұмабекова Қ.Б., Әбілпатталова А.Ү.</b> «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы негізінде оқушылардың ел бірлігі құндылықтарын қалыптастыру.....	20
<b>Ермекбаева Н.К.</b> Көркем шығарма арқылы бастауыш сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру.....	23
<b>Аймағанбетова О.Х., Файзуллина А.К., Садвақасова З.М.</b> Психолого-педагогические взгляды Т.Т. Тажибаева в контексте национальной идеи «Мәңгілік ел» .....	25
<b>Мукашева А.Б., Дәуірбек А.</b> Өзін-өзі тану сабақтарында сүйіспеншілік құндылығы арқылы оқушылардың қарым-қатынас құзыреттілігін дамыту (10-11 сыныптап).....	28
<b>Мырзабаев А.А., Якияев И.Ф., Муханов С.Ю.</b> Қазақстандағы жаңа исламдық ағымдар және оларды зерттеудің әдістемелік мәселелері.....	32
<b>Турлыбеков А.Н., Аманбаев Е.М., Шалбаев Ж.Т.</b> Исламдағы құқықтық мектептер және олардың арасындағы әдіснамалық ерекшеліктер .....	35
<b>Арынова Б.А., Батрбек Э.</b> Әлеуметтік педагогтың девиантты мінез-құлықты балалармен жұмысында Я. Корчактың педагогикалық идеяларының қолданылуы .....	39
<b>Шалбаев Ж.Т., Турлыбеков А.Н., Аманбаев Е.М.</b> Ибн Халдунның діни әлеуметтік көзқарастары .....	41
<b>Әлқожаева Н.С., Жарылқасын Ә.Ф.</b> Адамға ғылымнан бұрын тәрбие керек .....	45
<b>Агіпова В.А., Тикаева А.В.</b> The role of family in personality formation.....	46
<b>Маханбетова А.А.</b> «Мәңгілік ел» идеясы аясында тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру .....	47
<b>Арынова Б.А., Әмірқұлова Ә.</b> «Өзін-өзі тану» сабақтарында М. Монтессори әдісі арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын дамыту.....	49
<b>Молдасан Қ.Ш.</b> Құқықтық мемлекет қалыптастырудағы әділетті билік .....	52
<b>Қасымова Р.С.</b> Әл-Фарабидің еңбектері негізінде студенттерге патриоттық тәрбие беру жолдары .....	54
<b>Мурзагулова М.Д.</b> Отбасы тәрбиесіндегі этнопедагогикалық мәселелер .....	56
<b>Масатова Н.Б.</b> Ұлттық ойындардың студенттердің тұлғалық дамуына әсері.....	59
<b>Аксериқов Ғ.Е.</b> Спорттық ойындар – студенттерді қимыл қозғалысқа үйрету құралы ретінде .....	60
<b>Жұмашова А.Т., Нәсіпбек А.</b> Тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда арт-терапияларды тиімді қолдану жолдары.....	63
<b>Ишамбаева Ш.Т.</b> Отбасы тәрбиесінің балаға әсері .....	65
<b>Жолтаева К.Ж.</b> Қазіргі ақпарат құралдарының бала тәрбиесіндегі алатын орны.....	68
<b>Садвақасова Г.С.</b> Болашақтың кепілі – жалынды жастар .....	70

Бұл жағдайда, еріктілік еңбекпен айналысу күнделікті айналысатын нәрселерден өзгеше іске көңіл аударуға жетелейді. Сонымен бірге, еріктілік іс-әрекет жаңа адамдармен қарым-қатынас орнату, өзін-өзі қанағаттандыру, қандайда бір құндылықтарды жылжыту қажеттіліктерін қанағаттандыруға да көмектеседі. Еріктілік іс-әрекетте адам тұлға ретінде дамиды, қалыптасады [4, 5].

Олай болса, еріктілік – гуманды, дамыған қоғамға тән белгі. Гуманды қоғамның дамуына байланысты еріктілік идеясында қатар дамиды, бұл әртүрлі категориядағы балалар мен ересектерге ерікті және тегін көмек көрсету, еріктілік іс-әрекеттің әртүрлі бағыттары, формалары мен жолдары болып табылады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. ҚР Заңы 2015 жыл 9 ақпан.
2. Абульханова-Славская К. А. Стратегия жизни. – М., 1991. – 299 с.
3. Ильин Е. П. Психология помощи. Альтруизм, эгоизм, эмпатия. – СПб.: Питер, 2013. – 314 с.
4. Здравомыслов А. Г. Потребности. Интересы. Ценности. – М.: Академический Проект, 2005. – 336с.
5. Виллюнас В. К. Психология развития мотивации. – СПб.: Речь, 2006.

### «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЕЛ БІРЛІГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Жұмабекова Қ.Б. педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы, Әбілпатталова А.У. әлеуметтік және өзін-өзі тану мамандығының 4 курс студенті, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы*

Елбасы Н.Ә. Назарбаев кезекті Жолдауында еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарымен халықты таныстырды. Сонымен қатар ұлт көшбасшысы «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын жария етті: «Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Мен Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым» [1].

«Мәңгілік ел» – идеясы елдің ұлы рухын, адамның адами қасиеттерін, еліміздің елдігін арттыратын құндылықтарды біріктіретін идея. «Мәңгілік ел» идеясы – тарихи танымдық мұра, ұлттық деңгейдегі білім, ғылыми және мәдени құндылықтарға ие саяси бағыттағы терең ұғым. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – еліміздегі барлық саланы қамтитын үздіксіз білім мен ғылымның өркендеп өсу жолы және ерлігіміз бен бірлігіміз, ерен еңбегіміз шыңдалатын үлкен өмірлік сынақ [2, 161].

Уақыт сынынан өткен Қазақстандық жолдың тәжірибесі негізінде «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мынадай жеті құндылығы айқындалды:

- Қазақстанның Тәуелсіздігі және Астанасы;
- Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім;
- Зайырлы қоғам және жоғары руханият;
- Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім;
- Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы;
- Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы;
- Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы [3, 2].

Жоғарыда аталған құндылықтар, яғни «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында өтілетін осы маңызды құндылықтарды бүгінгі таңда педагог мамандардың бәсекеге қабілетті біліктілігін арттыру жұмыстарында басшылыққа алынуы тиіс деп есептелінді. «Мәңгілік Елдің» болашақ тұрғындары, өскелең ұрпақтың бойына жоғарыдағы аталған 7 құндылықты сіңіру – тәрбиелеудің жаңа әдістерін қолдануды да қажет етеді.

Тәуелсіз еліміз көп ұлтты, зайырлы, әлемге бейбіт, тату халқымен танылып отыр. Қоғамымыздағы ұлттық бірлік қашан да маңызды болып келді. Ел бірлігі мен саяси тұрақтылықтың өзегін біз өскелең ұрпаққа мектеп жасынан бастап сіңіріп, қалыптастыруымыз қажет. Айта кететін жайт қоғамдағы ұлттық бірлік «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясындағы алғашқы құндылық болып айтылады.

Ендігі кезекте оқушылардың бойында қалыптасуы тиіс ел бірлігі құндылығының өзегі не болып табылады? Осы мәселеге тоқталатын болсақ. Қазақстан болашағының тұтқасын ұстаушыларды тәрбиелеуде Қазақстандық патриотизм мен толеранттылық – ел бірлігі құндылығының негізгі өзегі деп түсінеміз. Сонымен қатар ел ішіндегі саяси тұрақтылық, бейбіт те тату өмірдің кілті болмақ.

Толеранттылық дегеніміз не? Толеранттылық – бұл басқа халықтарға дегенгілестестік қарым-қатынас және тұлғаны қандай болса, сол калпында қабылдау, халық және оның мәдениетіне құрметпен қарау (Муравьева Н.В.)

Толеранттылық – бұл жергілікті халықтың басқа ұлт өкілдеріне және басқадіндегі адамдарға түсіністікпен қарап, оларға қысым жасамауының белгісі, сондықтан ол барлық өркениетті қоғамға тән құбылыс.

Толеранттылықтың бір-неше түрі бар. Мысалы, этникалық толеранттылық – адамның аса таныс емес өзге халықтардың өкілдеріне (мінез-құлқына, ұлттық дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына, сезімдеріне, көзқарастарына, пікірлеріне, идеяларына, наным-сенімдеріне) құрмет көрсете алуы, ал басқа діндердің және наным-сенімдердің өкілдеріне құрметпен қарау, яғни конфессионалдық толеранттылық әсіресе, біздің көпұлтты республикамыздың азаматтарына өте қажет [6].

Толеранттылық сөзі ағылшын тілінде өзгені қарсылықсыз қабылдауға қабілеттілік пен дайындықты білдіреді екен. Ал француз тілінде өзге адамның бостандығын, оның ойлау мәнерін, жүріс-тұрысын, саяси және діни көзқарастарын құрметтеу дегенді аңғартады.

ЮНЕСКО Декларациясына сәйкес (1995) толеранттылықты – өзіндік болмыста, дербестікте барлық азаматтардың құқығы көрінетін; түрлі конфессиялардағы саяси, этникалық және басқа да әлеуметтік топтар арасындағы тұрақты үйлесімділікті қамтамасыз ететін; түрлі әлемдік мәдениет, өркениет және халықтың алуан түрлілігін сыйлаудағы; сыртқы бет пішіні, тілі, наным, дәстүр және сенімдері бойынша ерекшеленетін адамдармен бірлесуге және түсінуге дайын болуындағы құндылық және әлеуметтік норма ретінде анықтайды. Толеранттылық мінез-құлықтың қалыптасу мәселесі, экстремизмнің әртүрлі түрлерін алдын алу және оған қарсы әрекет ету қазіргі көп ұлттық қазақстандық қоғамда өзекті мәселелердің бірі болып табылады [4. 80].

Ж.Ж. Қартбасва өзінің «Жасөспірімдердің толеранттылық мінез-құлығын қалыптастырудың теориялық бағыттары» атты мақаласында жасөспірімдердің бойында толеранттылық мінез-құлық қалыптастыру мақсатына жетудегі кешенді мәселелерді екі блокқа бөліп қарастырған. Олар:

1. Өсіп келе жатқан ұрпақтың бойында бейбітшілікті сүюді, зорлық-зомбылықсыз рухын тәрбиелеу:

- соғысқа деген жағымсыз қатынасты, бейбітшілікті сүюді халықаралық және ұлтаралық өзара түсіністікке деген қабілеттілік ретінде, әлеуметтік шиеленістерді шешудің зорлық-зомбылық әдістерін терістеуді қалыптастыру;

- табиғатқа, барлық тіршілікке деген зорлық-зомбылықсыз қатынас;

- басқа адамдарға деген, сонымен бірге өзіне-өзі адамгершілік қатынас, тұлғааралық және ішкі тұлғалық шиеленістерді зорлық-зомбылықсыз жолдармен шеше білу, басқа адамды қабылдау және түсіне білу қабілетін дамыту.

2. Оқыту мен тәрбиелеу, ересектер мен балалардың өзара әрекеттесу үрдісін гуманизациялау:

- түрлі деңгейлі оқу орындарындағы бар әдістер мен жұмыстар формаларын, ересектер мен балалардың өзара қарым-қатынас жүйесін гуманизациялау;

- зорлық-зомбылықсыз идеясының негізінде құралған педагогикалық іс-әрекеттің жаңа әдістері мен формаларын өңдеп жасау және енгізу;

- арнайы орта және жоғары оқу орындарында болашақ педагогтарды даярлауды реформалау, олардың бойында келешекте балаларды зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас рухында тәрбиелеуге және өздерінің мәжбүрлеуді қолданбай жұмыс істеуіне көмектесетін арнайы іскерліктер мен тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру [4].

Ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастырудағы толеранттылықтың рөлін қарастыра отырып мынаны ескеру қажет: әлемдік тәжірибиеде толеранттылық ұлттардың бейбіт өмір сүру деңгейінің көрсеткіші ретінде көрсетіледі. Қазақстанда этносаралық қатынастармен олардың қарым-қатынас мәдениетіндегі толеранттылық тек этностардың өмір сүру деңгейін ғана көрсетпейді, ол «Бір ел әртүрлі тағдырлар» формуласымен беріліп «Қазақстанның ұлттық бірлігі Доктринасындағы» бірінші тарауы «Бір ел – бір тағдыр» деңгейіндегі құрылымдық бірлікті білдіреді [6].

Елімізде, әсіресе ірі мегаполис саналатын Алматы қаласындағы ірі мектептерде әр түрлі ұлт өкілдерінің балалары оқитыны белгілі. Қай сыныпта қай ұлт өкілінің балалары басым болатын болса, өзгелерге барлық жағынан басымдық көрсететіні жасырын нәрсе емес. Көбінесе осындай жағдайлардың жиі ұшырасуы олардың отбасынан басталады деп ойлаймын. Сондықтан да оқушылардың бойына ел бірлігі құндылығын қалыптастыру барысында мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынасты нығайту керек деп есептеймін.

Келесі тоқталатын мәселе – Қазақстандық патриотизм болмақ. Патриотизм – тарихи және әлеуметтік мазмұндағы табиғаты бар ұғым. Ол әрбір азаматтың бойындағы туа біткен сезім емес. Патриотизм –

ол Отанына деген сүйіспеншілік, өз халқына берілгендік, оның мүддесі үшін кез келген құрбандық пен ерлік жасауға дайын тұрушылық. Соған орай патриоттық сезімнің басты қамқорлығы Отанына арналады. Сондықтан туған жер, ел байлығы мен табиғаты, тіл мен дәстүр, тарихи ескерткіштер және т.б. ұлттық құндылықтар патриоттық сезімнен тыс қалмайды. Олар әрбір азаматтың ішкі дүниесінде жанашырлық, жақындық туыстық пен сүйіспеншілік, мақтаныш қалыптастырады.

Патриотизм – қасиетті ұғым. Отаншылдық идеясы өмірге ұзақ тарихи-әлеуметтік даудың нәтижесінде келген. Адам қауымдасып өмір сүргеннен бастап, өз қоғамын, өлкесін, табиғатын сүйген. Соларға деген ерекше сезім, ұнатымы қалыптасқан. Қоғам дамуының кезеңдері мен түрлі әлеуметтік арнасы отаншылдық сезімді саяси мазмұнға айналдырған.

Қазақстандық патриотизм болса, ол тек қазақтардың ғана өз отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендеген бүкі ұлт пен ұлыстардың бәріне қатысты нәрсе. Дегенмен ешкімді елін, Отанын зорлап, күштеп немесе алдап-арбап шын сүйгізу мүмкін емес. Елін сүю әрбір адамның рухани қасиетінің ішкі көрінісі мен мазмұны. Оны өзі анықтайды.

Патриотизмнің діндегені – Отан үшін біріктіру, оны қастерлеу мен ардақтауға тәрбиелеу. Өз халқының мүдде – мақсатын қорғау болып табылады. Ал бұл ойымызды көп ұлтты Қазақстанға арнап айтсақ, онда ортақ Отанымыздың тағдырына арналған сүйіспеншілік сезімін ерекше бағалаймыз. Әрине патриотизмді әрбір азамат өзінше бағалайды. Біреулер өз ұлтының жауларын іздеп әуре болады, ал бәз біреулер халқын кім жақсы көреді немесе ұнатпайды деген пікірлермен әуестенеді. Өмірде мұның бәрі бекершілік. Сондықтан осы проблеманың белгілі маманы Ә. Қалмырзаевтың патриоттық тынысы халықтарды жақындастыруға ұмтылудан басталуы керек деуі орынды пікір [5, 14].

М.К. Бисенбаеваның «Жастарды Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу – ел болашағының алтын діндегі» атты мақаласында мына мәселеге назар аударуға болады. Яғни, патриоттық тәрбиенің қоғамдық саяси қызметтің күрделі, салыстырмалы дербес жүйелерінің барлық белгілеріне ие болатыны жөнінде айтылады. сол белгілерге тоқталып өтетін болсақ:

– Біріншіден, ол өзара байланысты құндылықтардың белгілі бір құрылымын иеленеді. Патриоттық тәрбие жүйесі кез келген әлеуметтік жүйенің төрт негізгі топтарын қамтиды: материалдық, іс-әрекеттік, рухани, адами құндылықтар. Осы құндылықтардың болуы және олардың өзара байланысы жүйенің біртұтастығын және жаңа сапалық айқындылықты белгілейтін оның құрамдас бөліктерінің өзара іс – әрекеттестігінің әдісі ретінде, патриоттық тәрбие жүйесінің салыстырмалы түрде алғанда тұрақты құрылымының дербестігін анықтайды;

– Екіншіден, патриоттық тәрбие жүйесіне оның міндеттерінен көрінетін өзіндік белсенділік тән;

– Үшіншіден, патриоттық тәрбие дегеніміз – өзіне тән басқару тетігі, субъектісі мен объектісі, басшылық құралдары мен әдістері бар, өзін-өзі басқаратын жүйе. Саналы басқару – бұл жүйенің өзіне тән әрі қажетті сипаттама;

– Төртіншіден, патриоттық тәрбие дегеніміз – уақыт пен кеңістікте дамытып отыратын жүйе, оның өз тарихы және өзіне тән заңмен белгіленетін қалыптасу, қызмет атқарумен даму процестері бар. Кез келген жүйедегі сияқты патриоттық тәрбиеде де әрдайым өткеннің қалдығы, бүгінгі күннің негіздері және болашақтың нышандары болатыны жалпыға мәлім. Жүйенің негізгі функциясы ұлт-азаттық майданға, жауынгерлікке, қоғамдағы, халық дәстүріндегі ескі қалдықтармен күресу болып табылады;

– Бесіншіден, патриоттық тәрбие жүйесі оқшау емес, әлеуметтік тұрғыдан алғанда да, табиғи жағынан келгенде де басқа жүйелермен тығыз байланыста өмір сүреді. Мәселен, қоғам патриоттық тәрбиенің қызмет атқару мен даму процесіне елеулі ықпал жасай отырып, оның тәрбиелік жүйесін жаңғырту және толықтыру көзі болып табылады. Мұнсыз патриоттық тәрбие ойдағыдай дамып, қызмет атқара алмайды [7].

Айтылған мәселелер бүгінгі таңда біздің қоғамда өзекті болып саналады. Себебі, әлем кеңестігінде біздің елеміз – «Мәңгілік Ел» болып қалыптасып, танылуы тиіс. Сол ұлы мақсатқа әрқайсымыздың үлесіміз болуы керек деп ойлаймын. Ұлттың болашақ тұтқасын ұстайтын жастарды тәрбиелеуші, біздер – педагогтар, болашақ педагог мамандардың қосар үлесіміз орасан болмақ. Неге дейсіз ғой?! Өйткені, әрбір елдің болашағы саналатын азаматтар мен азаматшалар ең алдымен қажетті тәлім-тәрбиені – мектептен алады.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыруда оқушылар бойына ел бірлігі құндылықтарын сіңіре білу – маман ретінде өз міндетіміз деп білеміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан 2050» Жолдауы, 17. 01. 2014.
2. Комекова С. О., Комекова М. О. «Мәңгілік Ел» идея негізі – жас ұрпақ тәрбиесіндегі басты құндылықтарда», – ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. №2(56). 2016

3. Оспанов Д. М., «Мәңгілік Ел идеясы – ұлт мұраты», – «Білім көкжиегі», №6(72). 2016 (маусым)

4. Ж. Ж. Қартбаева, «Жасөспірімдердің толеранттылық мінез-құлығын қалыптастырудың теориялық бағытта – Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы, № 4(48) 2007

5. «Ел бірлігі мен саяси тұрақтылықтың өзегі – патриоттық және ұлттық тәрбие», – «Тәуелсіздік тұғыры», № 4-3, 2015 тамыз/қыркүйек

6. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Қасымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т. б. Абай атындағы ҚазҰУ – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015. – 336 б.

7. Бисенбаева М. К., «Жастарды Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу – ел болашағының алтын дінгегі», – «Білім көкжиегі» Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №12(66) 2015

## КӨРКЕМ ШЫҒЫРМА АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

*Ермекбаева Н.К., Кобдіков атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі, Шар қ., Жарл ауданы, ШҚО*

Қазақстан Республикасында болып жатқан саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістер білім беру жүйесін өзгеше құруды талап етуде. Әсіресе, білім беру саласында ізгілендіру, демократияландыру үрдістері жүріп жатқан кезде, білім мазмұнын ұлттық ерекшеліктер негізінде құру, өсіп кел жатқан жас ұрпақты рухи биік, саналы, патриоттық сезімі жоғары тұлға етіп тәрбиелеу қажетті туындап отыр.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде халықтар арасындағы бірлікті нығайту, отансүйгіштікке тәрбиелеу, тіл мәдениетін орнықтыру мәселелеріне тоқталып: «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз – Қазақстанның Отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру. Шынайы Отансүйгіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке бастың өзін саяси тұрғыдан айқын сезінуін, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді» – делінген [1].

Әрбір ұрпақ өз кезі мен өткеннің талаптары, объективті факторлары негізінде жас ұрпақты өмірге даярлап, оны жинақталған бай тәжірибе арқылы тәрбиелей отырып, өзінің ата-бабаларының рухани мұрасын игере түсуі керек. Осыған байланысты өсіп келе жатқан жас ұрпақты ізгілік, имандылық тұрғыда өмір сүріп, шығармашылықпен еркін еңбек ете алатын, бәсекелеске бейім, өмірге икемділігін, ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарды тұтастықта меңгере алатын және өзін-өзі дамыта алатын, патриоттық сезімі қалыптасқан жаңа азаматы тәрбиелеудің қажеттілігі туындауда.

Патриотизм ұғымы ҚСЭ-ның тоғызыншы томында: «Патриотизм (грек сөзі Patriotes – отандас, Patris – отан, туған жер) – Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау. Туған жер, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан бастап-ақ қалыптаса бастайды, өзінің ізгілікті мәнін сақтайды» – деп көрсетілген [2].

Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы.

Қазақстандық патриотизм халықтық болмыстан бойға дарып, ой сананы жетілдіретін құбылыс. Патриоттық, елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерді сақтай білу, қазақ мемлекеттігін нығайту жолындағы үрдіс пен оны үйлестіруге үлес қосу әрбір алаш азаматының, әрбір Қазақстан азаматының парызына айналуы тиіс.

Білім ұлттық мәдени дамуының тұтастығын, сабақтастығын қамтамасыз етеді. Оның маңызды шарттарының бірі – ана тілінің басымдылығын тану, соның негізінде ұлттық сана-сезімді дамыту.

Тіл – ұлттық этностың ұлттық мәдени талаптарын қанағаттандыратын, жас ұрпақты ұлттық дәстүрлікке тәрбиелейтін ұлттық игіліктің даусыз көрінісі. Ұлттық тілді игеру – рухани тәуелсіздікке жетудің жолы. Қазақстан Республикасындағы этникалық мәдени білім тұжырымдамасында: ұлттық білім идеясын жүзеге асырудың негізгі шарттары қарастырылған. Онда: білім беру мен мектептің ұлттық бастауларын дамыту және нығайту; жеке тұлға үшін ана тілі мен төл мәдениеттің сөзсіз басымдығын тану және оны қамтамасыз ету; білім беруді демократияландыру, білім берудің меншіктік түрі жөнінен де, этникалық мәдени мүддерлерді жүзеге асыру арналарының сан алуандығы жағынан да көп түрлілігі мен оңтайлылығы; ұлттық білім беру жүйесінің нысанаға қатысты дүниежүзілік тәжірибесіндегі бүкіл озық атаулыға ашықтығы мен икемділігі, жеке адам мен қоғам-